bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Бала және жол

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 25.06.2019 | https://bilimger.kz/58691/ |

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

**Әбдиева Жамиля Арыстанбекқызы**

**Мақсаты:** Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру,есте сақтауға үйрету,жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру,жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру. жол қауыпсіздігін,өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер**:жол ережесі туралы суреттер,бағдаршам,жол белгілерінің макеттері.

**Өтілу барысы:**

Залға марш әуенімен екі топ кіреді.

Жүргізуші: -Құрметті балалар,бүгін біз жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз,жол белгілерін айыра аламыз ба,өз өміріміздің қауыпсіздігін сақтай аламыз ба осы тақырыпта ой бөлісеміз.

Бүгін бізге арнайы маи қызметкерлері қонаққа келіп отыр.Олар бүгінгі сайысымыздың әділ қазылар мүшесі болады.Олармен таныс болайық.

1.-Жақсылық Руслан-полиция лейтенантты

2-Датқабаева Асел-аға сержант

**Балалар:** Жалғайтын достастырп бар елменен,

Жолдардан тұрады ғой әлем деген.

Бүгінгі бізге келген қонақтармен,

Ойынымыз басталсын сәлемменен.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Жүргізуші-**Жарйсыңдар,олай болса бүгінгі ойыншылармен таныс болайық

- **Топ**

**Топ капитаны: Біздің топ**

**Балалар: «Ақсұңқар»**

**Біздің ұран**: Елге жерге білеміз

Көшеде еркін жүреміз

Біздің ұран осындай

Сіздерге айтып береміз

**2-топ.топ капитаны:біздің топ**

**Балалар: «Жас ұлан»**

**Біздің ұран:** «Жол белгісін білейік,аман-есен ждждЖЖЖжжж

Жүргізуші: -Дайын болсақ бүгінгі ойын шартымен таныстырайын.

Сайыс үш бөлімнен тұрады.

1-бөлім : «Сұрақ-жауап»бөлімі

2-бөлім: «шытырман»

3-бөлім « сурет құрастыру»

-Сайыскерлер дайынбыз ба?**Олай болса 1-бөлім «сұрақ-жауап»бөлімі Бұл бөлімде 10 сұрақ қойылады.Қай топ тез әрі көп сұраққа жауап береді,сол топ жеңіске жетеді.**

**1-сұрақ:**

-Біздің өмірімізді қатерден сақтайтын көшедегі көмекшіміз не?

**2-сұрақ**

-Бағдаршамның неше көзі бар,түстері қандай?

**3-сұрақ:**

-Көше қиылыстарынан қалай өтеміз?

**4-сұрақ**

-Бағдаршам болмаса,көшенің келесі бетіне қалай өтеміз?

**5-сұрақ**

-Балалар қай жерде ойнауы керек?

**6-сұрақ**

-Көшеде бағдаршам болмаса,бізге өтуге кім көмектеседі?

**7-сұрақ**

-экрандағы белгі нені білдіреді?

**8-сұрақ**

-экрандағы белгі нені білдіреді?

Әділ қазылар 1-бөлімнің қорытындысын бағалайды.

**Жүргізуші:**

-Жарайсыңдар балалар,ал енді 2 бөлімге көшейік.2 бөлімнің шартымен таныстыру.

2-бөлімнің I шарты: «кедергілер арасынан өтіп,қабырғадағы баспалдаққа өрмелеу»

**2 бөлімнің 2-шарты:**

**«Мәнерлеп велосипед тебу»**

Әділ қазылар 2-бөлімнің қорытындысын бағалайды.

**Жүргізіуші:**

-Жарайсыңдар,балалар.мінекей ойынымыздың соңғы бөліміне де келіп жеттік.

**3-бөлім «дұрыс белгілерді орналастыр»(сурет құрастыру)**

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Жүргізуші:** Міне,балалар ойынымыздың соңына да келіп жетті.Әділқазылар өз шешімдерін шығарғанша біздің **«Жас жол сілтушілер»**жолда қалай жүру керектігін айтып береді:

**Бас көшеде құрағы**

**Үш көзді дәу тұрады.**

**Ашса кезек үш көзін,**

**Айтты деп біл үш сөзін.**

**«Тоқта», «Сақтан», «Жол ашық»**

**Жүрме жолға таласып.**

**Қызыл көзін ашқанда**

**Сабыр сақта баспа алға.**

**Сары көзін ашқанда,**

**Қарап қалма аспанға.**

**Жасыл көзін ашқаанда,**

**Жүре бергін жасқанба!**

**Әділ қазылар өз шешмдерін жариялап,балаларды мадақтама қағаздарымен,естелік сыйлықтармен марапаттайды.**

**Соңы**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.